

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

Мүмкіндіктер: -Қоғамның салаларын барлық салаларында қоғамның нәсілге, ұлтқа бөлінбей өмір сүруі -Әлемдік мықты мемлекет болуға бір қадам алда болу -Халақ санағы оңай әрі тез өткізілуі	Қауіпі: -ұлттар мүмкіндіктерін пайдаланып автономия сұрауы -Ортақ мүдделеріне байланысты қоғамдық қақтығыстар ұйымдастыруы мүмкін -Бөлініп не болмаса алшақ аймақтарға юелініп өмір сүру факторы туындауы мүмкін.
--	---

Сонымен, қорыта айта келе, ұлттық идея-эностық, діни, мәдени және өзге де қауымдастықпен біріккен адамдар тобының ұжымдық жады, мақсат-мұраттары мен армандарының, дуниетанымының, көзқарастары мен құндылықтарының кешенді жиынтығы. Ол осы ұлттың өзі туралы, қоршаған әлем мен таихи үдерістегі орны мен миссиясы және тарихы, өткені мен болашағы жайлы жалпы көзқарастарды аңғартады. Сондықтан «ұлттық идея» ұлт пен ұлттық бірегейліктің қалыптасуына тікелей әсер етіп, халықтың бар күші мен іс-әрекетін ортақ игі мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырып, сол үшін әлеуметтің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қамбар Атабаев . Ұлттық идеология және рушылдық
2. А. Айталиев. Ұлттану
3. К.Ж. Беляев. Бауырластық бастаулары

Сыдықов Д.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана қ.,
Экономикалық факультет
(Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Тажигулова Б.М)

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ««Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – бұл қазақстандықтардың біртектілігі мен бірлігінің ауқымды да бірегей генетикалық бағдарламасы. Біздің рухани құндылықтарымыз бен ұмтылыстарымыздың негізгі форматын ұрпақтан

ұрпаққа жеткізуі тиіс. Онда экономика мен саясаттың, мораль мен діннің мәселелері, Қазақстанның жаһандық әлемдегі орны жөніндегі көзқарастарымыз бір арнаға тоғыстырылған. Патриоттық акті біріншіден, халқымыз қалыптастырған және өз жан-жүйесінен өткерген басты жалпыұлттық құндылықтар, екіншіден, мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың Қазақстанның тағдыры мен оны дамыту, өркендету жолындағы өзара жауапкершілігінің өзегі. Біз жаңа белестерге қарай ілгері басқан қадамымыздың дұрыстығын компаспен тексергендей, Патриоттық акт арқылы анықтайтын боламыз» - деді [1].

Патриотизмге тәрбиелеу – ұлттық қауіпсіздік жүйесімен шектесетін ең өзекті мәселелердің бірі. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев біздің еліміздің ұзақ мерзімді даму әлеуеті шеңберінде абзал міндеттерінің бірі ретінде қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың міндеттерін айқындап берді. Елбасы жыл сайынғы өзінің жолдауында жастардың патриоттық тәрбиесіне баса назар аударады. Елбасының тапсырмасымен «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленді. Бұл құжаттың мемлекеттік маңыздылығы Қазақстан білім ұйымдарының басшыларын, мұғалім-практиктерді патриоттық тәрбиенің жеті қағидаты формасындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын түсіндіру жұмыстарын жүргізуге белсенді кірісуге міндеттейді [2] .

Патриоттық тәрбие – Отан түсінігі бір-бірінен ажырағысыз ұғымдар. Отанға құрмет көрсету тұрғысындағы сезім жалпы адам баласына тән туған түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады.

Патриотизм туралы түсініктер мәдени әртүрлілік және мәдениет сұхбатында М.М. Бахтин, В.С. Библер, К.Ясперс, қарым-қатынас философиясында Л.П. Буюева, Е.Г. Злобина, М.С. Каган, этностар теориясы мен этникалық сәйкестікте Л.Н. Гумилев, Ю. С.Бромлей, В.А. Тишков, сондай-ақ, қазақстандық этнографтар Ж.Артықбаев, Х.Арғынбаев; мәдениеттанушы А.Сейдімбек, М.Ш. Хасанов, М.Х. Балтабаев, психологтар Ж.Жарықбаев, Ж.Ы. Намазбаева, философтар А.Н. Нысанбаев, Р.Б. Әбсаттаров, педагогтар К.Ж. Қожахметова, А.Қ. Құсайынова[3] .

Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны -туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар, оның рәміздері. Олардың адам көкірегінде жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де игі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болады. Өйткені қару-жарақты қанша меңгергенімен отаншылдық іс-әрекетіне ішкі жан дүниесі, сана-сезімі дайын болмаса, елі мен жері үшін жанкештілікке баруы екіталай.

Мұны күнделікті өмірдегі ұсақ-түйек деп қарауға болмайды. Бүгінгі қазақстан жағдайындағы патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың өз ана тілінде сөйлеуі, мемлекеттік тілге деген ерекше құрмет, ұлттық тәрбие, мінез, жүріс-тұрыс қалыптастыру, ізет, қайырым, мейірім, т.б. сезімдерді қалыптастыру. Ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүниә және т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Жастардың қоғам үшін маңызды әлеуметтік қажеттіліктерді көздеуі, өздерінің «керектігін» жасөспірімдер мен жастардың сезінуі, жастар шығармашылығы мен белсенділігі үшін әлеуметтік тапсырыс патриотизм құндылықтарын меңгеру үшін зор шабыт береді, оның тиімділігін және қоғамдық санаға әсер етуді, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіруді арттырады.

Қазіргі әлемде патриоттық тәрбиені дамыту – көп қырлы үрдіс, оның көлемі мен нәтижесі өте маңызды. Адам өркениетінің сұранысы және осы сұраныстарды педагогикалық тілге аудару қажеттілігі бойынша батыл өзгерістер енгізілді.

Рухтың негізін, ұлттық және жалпы адами-мәдени құндылықтардың ошағын құрайтын мектепшілік патриоттық тәрбиені және білім беруді маңызды беталыс деп санауға болады. Заманауи әлеуметтік, саяси, педагогикалық талаптардың деңгейіне жақындап, мектеп өзінің кескінін өзгертеді.

Әлемдік педагогикалық ой-пікірлер көпмәдениетті тәрбиенің жалпы стратегиясын әзірлейді. Оқу мен тәрбие біріншіден, адамның өз түп-тамырын түсіну және сол арқылы қазіргі әлемде өз орнын айқындауға, екіншіден, басқа мәдениеттерге құрметпен қарауға дағдыландырады.

Қазіргі заманда көпмәдениеттілік рухындағы патриоттық тәрбие мен білім беру әлдеқашан өзгерістерге ұшырап жатыр: мәдени әртүрлілік құндылықтарын мойындайтын жаңа үдерістер көрінуде; нәсілдік және этникалық азшылық топтарды, иммигранттарды оқыту, арнайы көпмәдениетті білім беру бағдарламалары жеткілікті.

Сонымен, патриоттық тәрбие – өлшемдер ретінде таңдап алынған, бірнеше бөліктерден тұратын сабақтас сапа. Оған мыналар жатады:

1. Өзін өз мемлекетінің азаматы ретінде санау;
2. Мемлекеттік рәміздер мен дәстүрлерді қастерлеу;
3. Қазақ халқының тарихын бағалайтын қасиет.

Әр ұрпақ өзінен бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанымен, өз дәуіріне өзінше үн қосып, соны соқпақ іздейді. Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой-санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек.

Қазақстанды жарқын болашақты жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай ,

желбірете білуі тиіс . Өйткені , бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қорғағанын , бостандықты қалай аңсап-қадірлегенін білеміз.Жастар сондай текті ұрпақтың ұрпағы екендіктерін сезініп , осы «тәуелсіздікті», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп ,қастерлеуге міндетті .

Қазіргі кездегі жаһандану үдерісі, қолжетімді ақпараттар легі жастардың бойында ақпараттарды електен өткізе білу, теріс пиғылды идеологияларға қарсы тұра білетін иммунитетті қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені қазіргі таңда жат пиғылды ағымдардың ықпалына еріп, экстремистік әрекеттердің қатарын толықтырушылар осы жастар болып отырғаны белгілі. Жастардың мұндай әрекетке баруының басты себебі ретінде олардың білім, сауаттылық деңгейінің төмендігін айтуға болады.

«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін жүзеге асыратын жастар болғандықтан оларды ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білетін, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптастыру. Сондықтан жастардың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық яғни адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеудің маңызы зор.

Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз халқымыздың аңсап жеткен тәуелсіздік туын жықпай, желбірете білуі тиіс. Өйткені, ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық арманын, осынау ұлан байтақ жерін қорғап, осы уақытқа жеткізгені баршамызға аян. «Мәңгілік Ел» ұрпақтары сондай текті бабаларымыздың ұрпағы екендіктерін сезініп, осы «тәуелсіздік», «Мәңгілік Ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеп өсуге міндетті.

Сондықтан «Мәңгілік Ел» идеясы – Қазақстанның лайықты дамуының болашағы үшін, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті, алдағы онжылдыққа қойылған міндеттерді шешуде маңызы өте зор және біздің Еліміздің жарқын болашағы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Патриотический акт «Мәңгілік Ел». Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана «Независимость. Согласие. Нация единого будущего». – Астана, 2016.- 26 апреля.
2. Выступление Президента Казахстана Н.А.Назарбаева на XXII сессии Ассамблеи народа Казахстана «Мәңгілік Ел: одна страна – одна судьба». –Астана.– 2015.–23 апреля.
3. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 70 б.